

Шәкизада С.Б.¹, Құрманбаев Қ.².

¹PhD докторанты, e-mail: shakizada94@gmail.com

²PhD докторы, доцент, e-mail: kairatk76@mail.ru

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

**ТӘБӘРІК ҰҒЫМЫНЫҢ ИСЛАМ ТЕОЛОГИЯСЫ
МЕН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДІНИ ТАНЫМЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ:
КОМПАРАТИВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ**

Мақалада тәбәрік ұғымына теологиялық тұрғыда және қазақ халқының салт-дәстүрі негізінде талдау жасалады. Қазақ халқының діни дүниетанымында көрініс тапқан тәбәрік сөзі ислам дініндегі табаррук ұғымынан туындаған. Сөздің семантикасына байланысты лингвисттер, тарихшылар түрлі анықтама бергенімен, негізгі ұғымы береке тілеу, құт күту деген мағыналарға саяды. Яғни ортадағы бір заттың құт-берекесін себепкер етіп Алладан дұға тілеу, шипа сұрау секілді Мұхаммед пайғамбардың заманынан бері іс жүзінде қолданыс тапқан қасиетті ұғым қазақ халқына таңсық дүние емес. Діни доктриналарды, Құран мен хадис мәтіндерін дұрыс бағытта интерпретацияламау нәтижесінде және кейбір сөздер мен сөз тіркестерді біржақты (тенденциозды) түсінгендіктен ислам тарихында тәбәрік ұғымын жоққа шығарған жекелеген тұлғалар мен ағымдар пайда болды. Қазіргі таңда Пайғамбардың және ізгі кісілердің артында қалған заттарымен тәбәрік ету адамды политеизмдік сенімге итермелейді деген желеумен ислам үмбетінің бірлігіне сызат түсіріп, мұсылман жұртшылығын жікке бөлуде. Мақалада бұл ұғымға бұрыс анализ жасаған оппоненттің концепцияларын герменевтикалық және тарихи талдау арқылы жоққа шығарамыз. Сондай-ақ тақырыбымыздың негізгі мәні мен мазмұнын ашықтай түсетін исламдағы табаррук пен қазақ қоғамында кеңінен қолданыс тапқан тәбәрік ұғымдарының сабақтастығы баяндалады. Осылайша дін мен дәстүрдің арақатынасы айқын көрінеді.

Түйін сөздер: Тәбәрік, Құран, хадис, теология, политеизм, діни таным

Shakizada S.B.¹, Kurmanbaev K.²

¹PhD student, e-mail: shakizada94@gmail.com

²PhD doctor, assistant professor, e-mail: kairatk76@mail.ru

Nur-Mubarak Egyptian university of Islamic culture, Kazakhstan, Almaty

**The appearance of the concept of tabarik in islamic theology
and the kazakh people's religious cognition: comparative analysis**

In the article the concept of tabarik is analyzed in theological sense and on the basis of traditions and customs of the Kazakh people. The word tabarik, which is reflected in the religious worldview of the Kazakh people, is derived from the notion of tabarruk in Islam. Despite the fact that linguists and historians give different definitions depending on the semantics of the word, the basic idea of it is near to wishing blessing, to waiting for grace. That is, the sacred concept which has been practically used since the time of the Prophet Mohammed as to pray for Allah and to ask for healing, making the blessing and grace of something intermediary is not a novelty for the Kazakh people. As a result of incorrect interpretation of religious doctrines, the Quran and Hadith texts, and unilateral (tendentious) understanding of some of the words and phrases, some individuals and movements have appeared in the history of Islam who have eliminated the notion of tabarik. Nowadays scratches are made on the unity of the Islamic Ummah and the Muslim community is divided for several parts according to the cause that the practice of making tabarik with the things of the Prophet and the good-natured people pushes to the polytheism. In the article, we eliminate the concept of opponents who have made a false analysis of this notion by

hermeneutic and historical analysis. Also the interrelation between the notion of tabarruk in Islam which specifies the essence and content of our theme and the notion of tabarik which is widely used in the Kazakh society is described. Thus, the relationship between religion and tradition is showed evidently.

Key words: Tabarik, Quran, Hadith, Theology, Polytheism, Religious Cognition

Шакизада С.Б.¹, Курманбаев К.².

¹PhD докторант, e-mail: shakizada94@gmail.com

²PhD доктор, доцент, e-mail: kairatk76@mail.ru

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

Феномен понятия табаррук в исламской теологии и религиозном сознании казахского народа: компаративистический анализ

В статье анализируется понятие «табаррук» на основе теологии и традиций казахского народа. Казахское слово «тәбәрік» происходит от понятия «табаррук» в исламе. Несмотря на то, что лингвисты и историки дают разные определения в зависимости от семантики слова, основные понятия связано с соисканием и ожиданием благодати (баракат). В этой связи обращение к Аллаху посредством благодатных вещей и предметов с целью исцеления, которое имеет практическое применение со времен пророка Мухаммада не является чем-то неприемлимым для казахского народа. В результате неправильной интерпретации религиозных доктрин, текстов Коран и хадиса и одностороннего (тенденциозного) понимания некоторых слов и фраз отдельные личности и течения, которые появились в истории ислама негатировали (отрицали) понятие табаррук. В настоящее время, лозунги, что проблематика соискания благодати (табаррук) посредством пророка и святых людей ведет к политеизму являются причиной деления единства исламской уммы и поляризации среди них. В статье с помощью герменевтического и исторического анализ мы опровергаем концепцию оппонентов, которые сделали неправильный анализ этого понятия.

Также в статье описана взаимосвязь понятия табаррук в исламе, в котором излагается суть и содержание нашей темы и понятие «тәбәрік» широко используемое в казахском обществе. Таким образом явно проявляется связь между религией и традицией.

Ключевые слова: Табаррук, Коран, хадис, теология, политеизм, религиозное познание

Кіріспе

Жалпы Ислам дінінде табаррук деген ұғым бар. Қазақ тілінде құт-береке мағынасында қолданылады. Шаш пен сақалды дәнекер ретінде пайдаланып жаратқаннан өз қажетін сұрау яки киімдерді себепкер етіп ауруларына шипа тілеу сонау Мұхаммед пайғамбардың дәуірінен бастап іс жүзінде көрініс тапқан. Мұсылман арадағы қасиетті, берекелі саналған затты пайдалану арқылы Аллаға жалбарынады. Осылайша өз қажеттіліктерін өтейді. Алайда дұға тілеуші ортадағы заттың тек себепкер екендігін естен шығармауы қажет. Шын мәнінде жаратылыстың бүкіл мұң-мұқтажын абсолютті түрде өтейтін, қамтамасыз ететін ол – Алла Тағала. Кез-келген нәрсені берекелі, құтты қылатын бір Құдай ғана. Жаратылғандардың болмысында береке жоқ.

Ислам теологиясында дұғаның орны айрықша. Зерттеу нысанымызға айналған тәбәрік ұғымы Аллаға жалбарыну, дұға тілеу секілді құлшылықтармен байланысты болғандықтан мұсылман адам үшін және өзге дін өкілдері үшін танымдық тұрғыдан бұл мәселелерді белгілі бір деңгейде білу өте маңызды. Өйткені кейбір ағымдар мемлекеттің және діни басқарманың

платформасына сай келмейтін теорияларды алға тартуда.

Зерттеу жұмысының әдіснамасы

Бұл мақалада ислам дініндегі «табаррук» ұғымына теологиялық талдау жасалады. Зерттеу барысында негізінен компаративистикалық әдіс, лингвистикалық, семантикалық және интерпретациялық талдау, саралау секілді ғылыми әдіс-тәсілдер қолданылды.

Негізгі бөлім

Қазақ салт-дәстүріндегі тәбәрік түсінігі исламдағы табаррук ұғымымен мағыналас па әлде басқа ұғымды білдіре ме? Қазақ әдеби тілінің сөздігіне үңілсек, тәбәрік, тәбәріктей, тәбәріктік деген сөздерді байқаймыз.

Мәселен, тәбәрік сөзінің бірінші мағынасы: «Құранның бір аяты. Сәлделі имам көзін сүзіп, тәбәрікті созып, Бұхар мақамын күңіренетеді екен». Екінші мағынасы: «Өлген кісінің құдайысынан алған зат, киім, бұйым. Қандай сый тартсам екен, аға саған, (Білмеймін жараса ма, жараспай ма?!) Ешбір сый таба алма-

сам, аға саған Аппақ тонын-атамның тәбәрігін, Жүзге кел деп арқаңа жаба салам. Мәйітті жерлегеннен кейін молда құран оқиды. Жақсы келген адамның қазасында бейіт басында тәбәрік ретінде жыртыс таратылады» десе, үшінші мағынасы: «Олжа, үлес, сыйлық. Қыз бұйымы – жігітке тәбәрік. Сіздей адам енді бізге кезіге ме, жоқ па? Тәбәрік алып қалайың».

Тәбәріктей: «Тәбәрік тәрізді, қасиетті» деген мағыналарды білдіреді. Ардагер ағалардың қасиетті қаны сіңген мына қамалдың әр сүйем жері, әр уыс топырағы, әрбір тасы маған қасиетті тәбәріктей көрінеді. Тәбәріктей сақтап жүрген үнді соңы еді.

Тәбәріктік: «Тәбәрік боларлық». Түнекеңнің дүние салуын ақ сапар, армансыз сапар десті. Біреулер бұл қазаны тойға теңеп, «Түнекеңнің жасына жетсек арман бар ма?» деп, тәбәріктік жыртыс дәметіп жатты (Малбақов, Есенова, Хинаят, 2014:46). Тәбәрік сөзінің семантикасына байланысты түрлі анықтамалар берілгені секілді әр аймақ пен өңірде бұл сөздің этимологиясы түрліше көрініс тапқан.

Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары атты еңбекте Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары турасында былай айтылады: «Қарастырылып отырған өңірдің жасы келген адамды жерлеу ғұрпында дәстүрлі шашу рәсімі кездеседі. Яғни, марқұмды ауладан шығарған кезде оған тиындар шашатын болған. Тиындармен қатар шашудың құрамына бауырсақтар, кәмпиттер сирек те болса жиналған қауымға мата кесінділерін шашатын болған. Жиналғандар, ол адамның шарапаты тиеді деген наныммен, «шашуды» тезірек жинап алуға тырысады. Жерлеуден тиген маталар (жыртыс) немесе ақшалар қазақтарда тәбәрік деп аталады» (Әжіғали, 2005:192). Жерлеуге қатысты: «Бұл сәтте бүкіл қатысушыларға жыртыс (бет орамал, мата) таратылады. Бұл тәбәрік деп аталады. Кейде зират басында қабір қазушы адамдарға жұмысы үшін жейде немесе ақшалай (марқұмның отбасының жағдайына қарай) беріледі», – деп баяндалған (Малбақов, Есенова, Хинаят, 2014:193).

Енді Оңтүстік Қазақстан қазақтарының жерлеуге байланысты әдет-ғұрыптары мен ырымдарында: «Шілдеханада» үлкен кісі болса, ауыл адамдары теріс шақырылады. Шарифат айтып сол үйде отыру керек, оның мәні үй иелерін жақын туыстарына жалғыз тастап кетпеу керек. Облыстың батыс бөлігінде «кеңестен» кейін жыртыс таратылады. Келген адамдардың барлығына матадан жыртыс береді. Қазіргі кезде

оны «тәбәрік» дейді. 80-90 жасқа келіп қайтқан адамдардың жасын берсін деп тәбәрікті ырыммен алады», – делінген (Малбақов, Есенова, Хинаят, 2014:220).

Егерде жас бала өлсе – шейіт кетті дейді. Ал кәрі кетсе – той деген ұғым қалыптасқан. Жастың асынан дәм татпайды, айнала жас адамның қаны деп, ал даярланған орамал, мата бөліктерін «тәбәрік, осы кісінің жасына жеткізсін» деп ырым етіп, алып кетеді. Сонымен бірге тәбәрік ретінде әжей қайтыс болған жағдайда, оның білезік, сырға, сақина, киімдерін бөліп алады (Малбақов, Есенова, Хинаят, 2014:223).

Біреу ойын-тойда бәйге, жүлде алса немесе құдалық салт-дәстүрде кәде алса одан жанындағыларға үлес беруі керек. Мұндайда жұрт одан «тәбәрік бер» деп сұрап алады. Олжалы адам әдет бойынша тәбәрік беруге міндетті, бермеуі ұят, сараңдық, дәстүр сыйламағандық болып есептеледі (Сейіт, 1994:46).

Халыққа сыйлы, жасы келген адам дүниеден озғанда оның жеке заты, киімі тәбәрік ретінде таратылады. «Теберік болсын, бізге де бірдеме бер» (Сейіт, 2010:295).

Қазақ салтында, көп жасап, немере-шөбере көрген қадірлі, инабатты кісілер қайтыс болса, қабір басында түрлі кездемелерден жыртыс жыртып, жерлеуге барған адамдарға үлестіреді. Міне, бұл «тәбәрік беру» делінеді. (Бұл салт кей жерде «өңір тарату», кей жерде «бедян тарату» деп аталады).

Жоғарыдағылардан тыс, сыйлы, қадірлі қарт адамдардың қабірі басына жауып барған киіз, кілем тектес заттарын «жасына келеміз, қасиеті дариды» деп жерлеуге барған адамдар кесіп-кесіп, паршалап бөліп, талап алады. Бұл «телім алу» деп аталады. Егер мұндай жағдайда, белгілі себеппен қабір басына бара алмай қалған адамдар марқұмның үйіндегі киім-кешегінен «телім» және «тәбәрік» сұрап алады (Айып, 2014:546).

Қандай да бір қазақ ойынының немесе жарыстарының жүлдегері алған сыйын бөліседі. Осы бөліп алған зат «тәбәрік» деп есептеледі. Жасы жүзге келіп немесе жүзге жақындап өлген қарттардың тірі кездерінде тұтынған заттарын тәбәрік деп бөлісіп алады. Ол бізге де жұғысты болсын немесе сондай жасқа жете берейік деген тілекті білдіреді. Ондай үлкен кісілердің өмірлерінде тұтынған заттарын өзара бөлісіп алады. Тәбәрікке әжелердің жиған зергерлік бұйымдары, киген киімдері, сандығына салып сақтаған заттары, қарт аталардың қамшылары, ер тоқымдары, бас киімдері мен киген киімдері және жеке тұтынған заттары жатады (Қазақ

халқының салт-дәстүрлері, 2004:106). Бір ел, бір халық болса да, географиялық орналасуы мен ортасына және тұрмыс-тіршілігі мен тыныс-тіршілігіне байланысты сөздің бірнеше формада қолданыс табуы заңды құбылыс. «Тәбәрік», «тәбәрік беру» сөздеріне балама ретінде жыртыс, телім, бедян тарату, өңір тарату секілді тіркестер пайдаланылған. Енді ислам дініндегі тәбәрік ұғымының мәні мен мазмұнына тоқталайық.

Табаррук сөзінің тілдік мағынасы – береке іздеу. Береке сөзінің мағынасы – өсу, арту дегенді білдіреді. Герменевтик Рағиб әл-Исфгани: «Береке дегеніміз – иләһи жақсылықтың бір нәрсеге даруы», – десе, (Али, 2011:90) атақты лингвист ибн Манзур: «Береке дегеніміз – өсу, арту мағынасына саяды және «ат-табрик» адам үшін дұға тілеу немесе береке тілеуді білдіреді. «Барракту алейһи табрикан» десе, ол: «Саған Алланың берекесі болсын!» деген тілекті: «Баррака Аллаһу аш-шайа» және «барака фиһи уә алейһи» дегенде: «Оған береке қойылды» мағынасын білдіреді. «Тағамун барикун» десе, «берекелі тамақ» деген ұғымды білдіреді» дейді (Ибн Манзур, 1993:386-387). Мұхаммед пайғамбардың шашы мен сақалын себепкер етіп жаратқаннан жеңіс тілеу, яки, ауруға шипа тілеу немесе шапанын себепкер етіп ауруларға дауа сұрау сахабаларымыздың заманында бар болатын (Қайрат, 2010:202-203). Алладан біреуді ортаға себепкер қылып берекет тілеу тек пайғамбармен шектелмейді. Сонымен қатар салиқалы кісілердің киімдерімен және басқа да артында қалған заттармен тәбәрік жасауға рұқсат етілген. Мұсылман берекетті беруші бір Алла екендігіне сенеді.

Табаррук сөзі діни мәтіндер арқылы баяндалған. Алла Тағала кейбір адамдардың бойына құт берекет дарытып қойды. Сондай-ақ белгілі бір уақыттарға, кейбір сөздерге де берекет нәсіп етті.

Адамдардың бойындағы құт-берекет.

Алла Тағала Құран Кәрімде Юсуф пайғамбардың: «Ал енді мына жейдемді алып барындар да әкемнің жүзіне жабындар, сонда оның көзі ашылады...» (Құран, 2015:246) деген сөзін келтіргеннен кейін, аяттың жалғасында: «Хабаршы сүйінші сұрай келіп, жейдені Якубтың жүзіне жапқанда, көзі бірден ашылды. (Оның артынан ұлдары да келіп жетті) сонда Якуб ұлдарына: «Мен сендерге Алланың маған үйреткен ілімінің арқасында сендер білмегенді білемін, – деп айтпаған ба едім?», – дейді (Құран, 2015:247).

Якуб пайғамбар баласы Юсуфтан айырылып қалғандықтан уайым-қайғыдан көзі көрмей қалған еді. Юсуф пайғамбар киген жейденің берекетімен Алла Тағала Якубтың көз жанырын қайтарды. Шын мәнінде әкесі мен баласы зиянды, пайданы, шипаны да беретін бір Алла екенін жақсы білетін. Юсуф пайғамбар әкесіне шипа тілеу үшін дұға тілесе де болатын-ды, алайда пайғамбарлармен, ізгі құлдармен табаррук/тәбәрік ету, шипа сұрау, дұға тілеу секілді шарифатта негізі бар істердің қатарынан болып табылады. Осылайша Юсуф жейдесін әкесіне жіберіп, жүзіне қоюын, жабуын бұйырды. Нәтижесінде Алланың қалауымен жейдесінің берекетінен Якубтың көзі шайдай ашылып, көріп кетті (Умар, 2010:497).

Белгілі бір уақыттардағы берекет.

Алла Тағала «Духан» сүресінің алғашқы 3 аятында: «Ха, Миим. Ақиқатты ашық баяндайтын осынау ап-айқын Кітапқа серт! Біз оны құт-берекеге толы қасиетті түнде түсірдік. Біз (сол арқылы ақиқаттан сырт айналғандарды) ескертудеміз» деп баян етеді.

Аталмыш түн не үшін қадірлі, құт-берекеге толы қасиетті болмақ? Себебі, бұл түні (қадір түні) күпірлік қараңғылығынан ақиқат нұрына жетелеген қасиетті Құран Кәрім түсе бастады. Қасиетті Құранда бұл түнгі ақиқатты айқындай түсетін “Қадір” деп аталған арнайы сүре де бар. Онда: «Біз оны (Құранды) Қадір түні түсірдік. Қадір түні не екенін білесің бе, (Алла білдірмесе,) қайдан білесің? Қадір түні мың айдан да артық. Ол түні періштелер мен Рух Раббыларының рұқсатымен әр түрлі іс атқару үшін леклегімен түскен үстіне түсе береді. (Әсіресе риясыз құлшылықпен өткізгендер үшін) ол түн таң бозарып атқанға дейін мейірім мен есендік түні болмақ» деп, (Құран, 2015:598) басқа күндерден негізгі ерекшеліктерін айқындап өтеді.

Берекелі сөз.

Алла Тағала сөзге де береке берген және Өз сөзінің де берекелі екенін айтқан: «Міне, осынау Құран да Біз түсірген құтты да, мүбәрак кітап (зикр). Солай бола тұра сендер оны мойындамайсындар ма?!» (Құран, 2015:326). Құран кітабы мен аяттарының берекелі деп айтылуындағы мақсат, оның ерекше мән-мағынаға ие екендігін және сөздің мазмұнына титтей де күмән араласпағанын білдіреді. Берекелі (мағыналы) сөз Жаратушы Аллаға ғана емес, жаратылған пенделерге де тиесілі болуы әбден мүмкін. Мәселен Қожа Ахмет Иасауи бабамыз өзінің «Даналық кітабының» (Диуани хикмет) 98-хикметінде:

Хош ғайыптан жолдаған жақсы сөзім – тәбәрік,
Ғашық болсаң, ай, шәкірт, түн ұйқыңды ада қыл,
Ғибадатқа белің бүк, жас орнына қан ағып,
Арыстан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік.

Арыстан бабам тәліпте ықылас жоқ деген ед,
Сүйенерің бар тұрып, Қыдыр, Ілияс не керек?!
Жеті кәміл пірге де айтпас және «жебе» деп.
Арыстан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік.

Шәкіртпін дер, оллаһи, өздерінде нысап жоқ,
Көрінгенге телмірген көздерінде нысап жоқ.
Кісі малын жейді олар – кісәпірлік мысал боп,
Арыстан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік.

Зікір сарнап күшенсе, көзден жасы шықпайды,
Басы неге ауырсын – көңілінде жоқ түк қайғы.
Құдай айла-шарғымды біледі-ау деп ұқпайды,
Арыстан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік, –

деп (Иассауи, 2000:121) әрбір шумағында тәбәрік сөзін тілге тиек еткен. Ғибратқа толы, мән-мағынасы бар сөзді тәбәрік ретінде сипаттаған.

Сәлемдегі берекет.

Мүміндердің бір-біріне берген сәлемі де берекелі. Құран Кәрімде: «Алланың атынан хәм Оның бұйырғанындай құт-берекет мен игіліктің орнауына себепкер болған игі ниетпен бір-бірлеріңе сәлем беріңдер...» (Құран, 2015:358) деп баяндайды.

Алла Тағала тарапынан берекелі деп айтылған нәрселердің берекесін іздеу мұсылмандар үшін – мұстахаб (ұнамды іс). Сондықтан мұсылман адамға Мұхаммед пайғамбардың өзімен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын!) және оның заттарымен табаррук ету – құпталған іс. Аталмыш табаррукты сахабалары (пайғамбардың жолдастары) Алла елшісінің көзі тірісінде жасаған. Оларды бұл істері үшін пайғамбар сөкпеген-ді. Керісінше жауап ретінде оларға берекет тілеген (Али, 2011:91-92). Сондай-ақ Құран мәтіндерінен бөлек хадис жинақтарында да тәбәрік ұғымы кеңінен қолданыс тапқан. Сол мәтіндердің бірінде Әбу Жухайфа: «(Бірде) Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) түс әлетінде біздің алдымызға шыққанда дәрет алу үшін су әкелінді де, ол дәрет алды. Сол кезде адамдар ол дәрет алған судың артылып қалғанын алып (денелеріне) жаға бастады. Сосын пайғамбар бесін намазын екі ракағат және аср намазын екі ракағат етіп оқыды, алды жағында үшкір таяқ (жерге шаншулы) тұрды», – деп баяндаған. Сонымен қатар Сәиб ибн Язидтен

жеткен хабарда пайғамбардың дәрет алғаннан кейінгі қалған суы ішілгендігі турасында айтылады (Бұхари, 2001:188). Тақырыбымыздың мән-мазмұнын айқындай түсетін және тәбәріктің еш күмәнсіз пайғамбар дәуірінде көрініс тапқандығын қуаттайтын хабарды баян етейік. Ислам тарихында аса маңызға ие Хұдайбия келісімі туралы хадисте Ғұруа ибн Масғұдтың Құрайышқа оралғаннан кейінгі оқиғасы хадис жинақтарында былайша өрбиді. «Ғұруа жолдастарына қайтып келіп: «Ей, қауымым! Алланың атымен ант етейін, расында, мен талай патшалардың алдында болғам, императордың, кисраның және нәжәшидің алдында болғам, (бірақ) Алланың атымен ант етейін, ешбір патшаны маңындағылардың, Мұхаммедтің сахабалары (жолдастары) Мұхаммедті құрметтегендей құрметтегенін көрген жоқпын! Алламен ант етейін, ол түкірсе, түкірігі (сахабалардан) бір кісінің алақанына түсіп, ол дереу онымен беті мен денесін (дәреттен) артылған суына қырылысуға шақ қалады, ал сөйлесе, қасында дауыстарын бәсендетіп, құрметтеулері себепті оған тіке қарамайды. Ол сендерге парасатты ұсыныс жасады, оны қабылдандар», – деді (Байһақи, 2003:366). Аталмыш мәтіндер тәбәріктің тек ізгі пенделермен ғана жасалатындығын еш шүбәсіз, айқын баян етті. Тәбәрікті жақсылықтың нышаны ретінде қарастырамыз. Себебі Аллаға, пайғамбарға қарсы шыққан немесе ұзақ өмір сүрсе де, отанына, ұлтына опасыздық жасап, елін, жерін сатқан адамның артында қалған заттарын, киімдерін алып, тәбәрік ретінде қолдана алмаймыз. Өйткені біз тәбәрікті әлгі адамның берекесі біздің бойымызға да дарысын деген түзу ниетте жасаймыз. Әбу Бәкірдің қызы Әсмә бірде етек-жеңі жібекпен қапталған қалың шапанын шығарады да: «Бұл Айша анамыздың дүниеден өткенше киген шапаны еді. Қайтыс болған соң оны мен алдым. Шапанды пайғамбарымыз да киетін. Біз бұл шапанды жуып, суымен ауырған адамды емдейміз» деген (Муслим, 1955:1641). Мінеки, бұл шапанның өзіндік қадір-қасиеті жоқ. Тек пайғамбар кию арқылы ғана тәбәрік етуге жарамды киімге айналды. Ал пайғамбардан өзге ізгі, салиқалы адамдардың заттарымен дәл осылай табаррук қылуға ислам діні тыйым салмайды. Шын мәнінде дүниеден өткен кісінің артынан жырттыс, тәбәрік, киім тарату қазақ халқының салт-дәстүріне сіңісіп кеткен үрдістер. Мұның бәрін мұсылман халқымыздың қайтқан кісінің атынан садақа беру ниетімен жасайтындығы белгілі. Ис-

лам діні бойынша, дүние салған кісінің атынан садақа беруге болады және оның сауабы өліге тиеді деп есептеледі. Бір күні пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын!) бір кісі келіп: «Менің әкем қайтыс болды. Артында дүниесі қалды. Артында қалған дүниесін (пәлен жерге берілсін) деп өсиет етпеді. Егер мен оның орнына садақа берсем, күнәлары кешіріле ме?» деп сұрайды. Сонда пайғамбар: «Иә» деп жауап қатады. Осы хадисте садақаның дүниеден өткен кісіге арналып жасалғанда сауабының оған жететіндігі айтылған. Әйгілі құқықтанушы, хадис ғалымы Ахмад ибн Ханбал бұл жайында: «Бағышталып жасалған барлық жақсылықтың сауабы өліге тиеді. Өйткені ол жайында хадистер бар» деген.

Құқықтанушылар (фиqh ғалымдары) садақа сауабының өліге тиетіндігін айтқан. Сондықтан жыртыс, тәбәрік, киім таратудың бәрі садақа ниетімен жасалғанда, сауабы өліге тиеді. Яғни бұл істер садақа ниетімен жасалуы қажет. Осындай ниетпен жасалғанда шарифатқа ешқандай қайшылығы жоқ, қайта керісінше, құп көрінеді. Бірақ шамасы келмейтін адамдарға жүктелмейді. Яғни шамасы келетін адамдар ғана жасауына болады, ал шамасы жетпейтіндерді ислам діні бұған мәжбүрлемейді (Айнұр, 2014:131-133).

Қазіргі таңда сәләфилик/уахабилік бағыттағы кейбір жекелеген тұлғалар мен дін дұшпандары Мұхаммед пайғамбармен және басқа ізгі, салиқалы кісілермен тәбәрік жасауды жоққа шығарады. Сондай-ақ дүниеден өткен адамның қабірінің басына барудың өзі политеиздік сенімге итермелейді деген уәжді алға тартады.

Біз бұл ұғымды оппоненттің ойлағанындай теріске шығара алмаймыз. Өйткені негізгі тұжырымдамамызды қуаттайтын нақты деректер бар. Атап айтқанда хадис мәтіндері мен тарихи-ғұмырнамалық еңбектер еш күмәнсіз тәбәріктің іс жүзінде көрініс тапқандығын айғақтайды. Мұхаммед пайғамбардан жеткен барлық сөздерді сенімді тізбекпен жинақтаған имам Бұхари өзінің еңбегінде Әбу Талха есімді кісінің пайғамбар шашын жинағандығын баян етеді. Осы дерекке сәйкес әйгілі хадис саласының білгірі ибн Хажар осы дәйекті келтіре отыра: «Бұл хадистен пайғамбардың шашымен табаррук етуге және оны алуға рұқсат деген ұғым туындайды», – деп түсіндірме берген (Ибн Хажар, 1987:329). Сондай-ақ ислам құқығындағы танымал құқықтанушы ибн Дақиқ ізгі, салиқалы адамдардың қолдары тиген немесе ұстаған заттарын тәбәрік ретінде сұрап, оны қолдануға болатындығын айтқан (Ибн Дақиқ, 2005:126).

Тәбәріктің ардақтау, ұлықтау ұғымдарымен өте тығыз байланысты. Жасы келіп дүниеден өткен адамның артында қалған заттарын, киімдерін тәбәрік ретінде тарататын қазақ халқы да және пайғамбардың заманында қолданыс тапқан табаррук түсінігінің негізгі астары құрмет көрсетуге негізделгенін айта кетуіміз керек. Алайда бұл құрмет ортадағы адамға бас ұрып, құлшылық ету емес. Екеуі екі түрлі көрініс. Мәселен мұсылман Мұхаммед пайғамбардың қабірін қадірлеу, құрметтеу мақсатында сәжде етсе, оның бұл ісі діннен шығармайды. Тек күнәға батады. Ол адамға бұл істің тек тыйым салынғандығын түсіндіріп айту керек. Қабір басында намаз оқу да осыған ұқсас (Заһаби, 1988:73-74). Тарихшы имам Заһаби тағы бір сенімді деректе: «Ибн Мункадир жолдастарымен бірге отырған еді. Сол арада тілі күрмеленіп қалды. Осы ауру пайда болған уақытта пайғамбардың қабіріне барып жағын (яки бетін) қойып, қайтып келетін-ді. Қасындағылар бұл ісін көріп жазғырып сөге бастайды». Ибн Мункадир: «Ол (ауру) маған (өміріме) қауіп төндірмеді», – деп жауап береді. Егер осы іс қайталанса, мен Алла елшісінің қабірінен медет тілейтінмін. Осылайша пайғамбардың мешітінің ішінде арнайы бір орынға келіп жататын еді. Бұны байқағандар сұраған уақытта, ол: «Мен түсімде Алла елшісін осы жерден көргенмін», – деп жауап берген екен (Заһаби, 1985:358-359). Имам Заһаби бұл оқиғаны «Тарих әл-Ислам» атты еңбегінде де тілге тиек етеді. Бұл тұста тәбәрік етушінің сенімі өте маңызды. Егер барлық зиянды да, пайданы да беруші ортадағы зат яки киім деп ойласа, онда оның сеніміне селкеу түсті деген сөз. Себебі ислам теологиясында абсолютті түрде күдірет пен қалау иесі тек Алла ғана. Ал арадағы түрлі заттар тек дәнекер қызметін атқаратын құралдар.

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген анықтамалар мен дәлелдерге көз жүгіртсек, дәстүрдегі тәбәрік пен исламдағы табарруктың еш айырмашылығы жоқ екенін байқаймыз. Демек, бұл ұғым сонау Мұхаммед пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын!) заманында қалыптасты десек, өмір тіршілігі исламмен біте қайнасқан қазақ жұрты бұл дүниені ойдан таппағандығын аңғарамыз. Себебі, қазақ жеріне ислам дінінің келіп, қанат жайғанына он екі ғасырдан астам уақыт өткенін тарихтан білеміз. Асыл дініміз Исламнан бастау алған салт-дәстүріміз

бен әдет-ғұрпымыз ұлтымызды өзгелерден ерекшелейтін құндылықтар. «Дін апыын» деп ұрандатқан кеңес дәуірінде де ата бабаларымыз сеніміне селкем түсірмей, дәстүріне бекем болды. Дінге қысым көрсетілген замандарда да Исламның ұрпақтан ұрпаққа жетуіне себепші

болған дәстүр еді. Дініміз бен дәстүріміз бір-біріне сіңісіп кеткені соншалық, дәстүр дініміздің қызметін атқарып келді. Өйткені діни жоралғылар дәстүр ретінде күнделікті өмірде көрініс тапты. Олай болмағанда, дінді сақтап қалу мүмкін емес еді.

Әдебиеттер

- Айнұр Әбдірәсілқызы. (2014). Исламдағы өзекті мәселелер жайындағы сұрақ-жауаптар. – Алматы. Баспалар үйі. – 160 б.
- Айып Нүсіпоқасұлы. (2014). Тал бесіктен жер бесікке дейін. – Алматы. Өнер 21-ғасыр қоғамдық қоры. – 592 б.
- Али Жұма. (2011). Әл-Муташаддидун. – Каир. Дәрул-муқаттам лин-нәшр уә әт-таузиғ. – 108 б.
- Ахмад ибн Али ибн Хажар әл-Асқалани. (1987). Фатху әл-бари би шархи сахих әл-Бұхари. – Каир. Дару әр-райиан лит-турос. – 14 т.
- Ахмад ибн Хусайн ибн Али ибн Муса әл-Хусраужирди әл-Хорасани әбу Бакр Байһаки. (2003). Әс-Сунан әл-Кубра. – Бейрут. Дәру әл-кутуб әл-ғилмия. – 10 т.
- Әбу әл-Хусайн Муслим ибн әл-Хажжаж әл-Қушайри Найсабури. (1955). Әл-Муснад әс-Сахих әл-Мухтасар мин әс-Сунәни би нақлу ғадли ғәнил ғадли илә Расулиллахи саллаллаһу алейһи уә сәлләм. – Бейрут. Дәру ихия әт-турос әл-араби. – 5 т.
- Иассауи Қожа Ахмет. (2000). Хикметтер. – Алматы. Дайк-Пресс. – 208 б.
- Ибн Манзур. (1993). Лисән әл-араб. – Бейрут. Дәру ихия әт-турос әл-араби. – 18 т.
- Қазақ халқының салт-дәстүрлері. (2004). – Алматы. Көшпенділер баспасы. – 200 б.
- Қайрат Жолдыбайұлы. (2010). Дін мен дін. – Алматы. Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры. – 288 б.
- Құран кәрім. (2015). Қазақша түсіндірмелі аударма, / ауд. Аскар Әкімханов, Нұрлан Анарбаев. Алматы. Көкжиек баспасы. – 624 б.
- Малбақов М., Есенова Қ., Хинаят Б. (2014). Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы. Арыс – Қазақ тілі. – 15 т.
- Мұхаммед ибн Исмағил Әбу Абдилла әл-Бұхари әл-Жағфи. (2001). Әл-Жамиғу әл-Муснаду әс-Сахиху әл-Мухтасару мин умури Расулиллаһи саллаллаһу алейһи уә сәлләм уә сунәниһи уә әһиәмиһи. – Бейрут. Дәру таукун ән-нажа. – 9 т.
- Сейіт Кенжеахметұлы. (1994). Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы. Ана тілі. – 80 б.
- Сейіт Кенжеахметұлы. (2010). Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы. Атамұра. – 384 б.
- Серік Әжіғали. (2005). Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы. Арыс баспасы. – 2 т.
- Тақио әд-дин ибн Дақиқ әл-Фид. (2005). Ихкаму әл-ахкам шарх ғумдату әл-ахкам. – Бейрут. Муассасагу рисала. – 2 т.
- Умар Абдулла Камил. (2010). Әл-Инсаф фии мәә усиира хаулаһу әл-хилаф. – Каир. әл-Уәбил әс-Сайиб. – 800 б.
- Шамсу әд-Дин Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Ахмад ибн Осман ибн Қаймаз әз-Заһаби. (1988). Муғжам әш-Шуйуһ әл-Кәбир. – Сауд Арабиясы. Мактабу әс-Сиддик әт-Таиф. – 2 т.
- Шамсу әд-Дин Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Ахмад ибн Осман ибн Қаймаз әз-Заһаби. (1985). Сияру әғламу ән-Нубәлә. – Бейрут. Муассасагу әр-рисала. – 25 т.

References

- Ainur Abdrasilkyzy. (2014). Islamdagi ozekti maseleler zhayindagy surak-zhauaptar. – Almaty. Baspalar uii. – 160 b.
- Aiyur Nusipokasyli. (2014). Tal besikten zher besikke dein. – Almaty. Oner 21-gasyr kogamdik kory. – 592 b.
- Ali Zhuma. (2011). Al-Mutashaddidun. – Kair. Darul-mukattam lin-nashr ua at-tauzig. – 108 b.
- Ahmad ibn Ali ibn Hazhar al-Askalani. (1987). Fathu al-bari bi sharhi sahih al-Buhari. – Kair. Daru ar-raiiian lit-turos. – 14 t.
- Ahmad ibn Husain ibn Ali ibn Musa al-Husrauzhirdi al-Horasanani abu Bakr Baihaki. (2003). As-Sunan al-Kubra. – Beirut. Daru al-kutub al-gilmiya. – 10 t.
- Abu al-Husein Muslim ibn al-Hazhzhazh al-Kushairi Naisaburi. (1955). Al-Musnad as-Sahih al-Muhtasar min as-Sunani bi naklu gadli ganil gadli ika Rasulillahi sallallahu aleihi ua sallam. – Beirut. Daru ihia at-turos al-arabi. – 5 t.
- Iassauu Kozha Ahmet. (2000). Hikmetter. – Almaty. Daik-Press. – 208 b.
- Ibn Manzur. (1993). Lisan al-arab. – Beirut. Daru ihia at-turos al-arabi. – 18 t.
- Kazak halkinin salt-dasturleri. (2004). – Almaty. Koshpendiler baspasi. – 200 b.
- Kairat Zholdibaiuli. (2010). Din men dil. – Almaty. Islam madenieti men biblimin koldau kory. – 288 b.
- Kuran karim. (2015). Kazaksha tusindirmeli aударma, / aud. Askar Akimhanov, Nurlan Anarbaev. Almaty. Kokzhiek baspasi. – 624 b.

- Malbakov M., Esenova K., Hinayat B. (2014). Kazak adebi tilinin sozdigi. – Almaty. Arys – Kazak tili. – 15 t.
- Muhammed ibn Ismagil abu Abdilla al-Buhari al-Zhagfi. (2001). Al-Zhamigu al-Musnadu as-Sahihu al-Muhtasaru min umuri Rasulillahi sallallahu aleihi ua sallam ua sunanihi ua aiiamihi. – Beirut. Daru taukun an-nazha. – 9 t.
- Seit Kenzheahmetuli. (1994). Kazaktin salt-dasturleri men adet-guriptari. – Almaty. Ana tili. – 80 b.
- Seit Kenzheahmetuli. (2010). Kazaktin salt-dasturleri men adet-guriptari. – Almaty. Atamura. – 384 b.
- Serik Azhigali (2005). Kazak halkinin dasturleri men adet-guriptari. – Almaty. Arys baspasi. – 2 t.
- Takiyi ad-din ibn Dakik al-Gid. (2005). Ihkamu al-ahkam sharh gumdatu al-ahkam. – Beirut. Muassasatu risala. – 2 t.
- Umar Abdulla Kamil. (2010). Al-Insaf fii maa isiira haulahu al-hilaf. – Kair. al-uabil as-Saiib. – 800 b.
- Shamsu ad-Din Abu Abdulla Muhammed ibn Ahmad ibn Osman ibn Kaimaz az-Zahabi. (1988). Mugzham ash-Shuiyh al-Kabir. – Saud Arabiyasi. Maktabu as-Siddik at-Taif. – 2 t.
- Shamsu ad-Din Abu Abdulla Muhammed ibn Ahmad ibn Osman Kaimaz az-Zahabi. (1985). Siyaru aglamu an-Nubala. – Beirut. Muassasatu ar-risala. – 25 t.